

ИСА МӘСІХТІҢ
СОҢҒЫ ЗАМАНДАҒЫ
ӘУЛИЕЛЕР ШІРКЕУІ

182-ші Жарты Жылдық Басты Конференциясы

6 қазан — 7, 2012

Баспасы
Иса Мәсіхтің Соңғы Замандағы Әулиелер Шіркеуі
Солт Лейк Сити, Юта

© 2012 Intellectual Reserve, Inc.
Барлық құқықтары қорғалған

Ағылшын мәтіні бекітілген: 2/05
Аударма бекітілген: 12/11
182-ші Жарты Жылдық Басты Конференциясының
аудармасы
қазақ тілінде
PD50045288 000

ЖЕКСЕНБІНІҢ ТАҢҒЫ СЕССИЯСЫ

Қайда шатыр? <i>Генри Б. Айринг</i>	1
Өтеу <i>Бойд К. Пэккермен</i>	9
Алдымен байқап, содан соң қызмет көрсет <i>Линда К. Буртон</i>	15
Жүрегімізбен үйрену <i>Уалтер Ф. Ганзалес</i>	21
Бірінші Өсиет <i>Джефри Р.Холланд</i>	26
Баталарды қарастырайық <i>Томас С. Монсон</i>	32

Қайда шатыр?

Президент Генри Б. Айринг

Бастапқы Президенттігінің бірінші кеңесшісі

Шатыр кейде, Құдайдың көмегіне кедергі болып көрінгенімен, ол Құдайды бізден жаппайды, бірақ кейде бізді жабады. Құдай бізден ешқашан тығылған емес, бірақ біз кейде солай істейміз.

Либерти абақтысында пайғамбар Жозеф Смиттің жан дүниесі қатты қиналып айқай салды: «О Құдайым, қайдасың Сен? Сенің құпия орынды жабатын шатырың қайда?». Арамыздағы көпшілікке мәлім, жеке күйде қатты қиналып қалған кезімізде, Құдайдың бізден алыстап кеткен сияқты сезімі келеді. Құдайдың көмегін іліп алатын сияқты шатырдың әсері Құдайға тарамайды, бірақ кейде бізді құрсауына алады. Құдай бізден жасырынған емес, жабық шатырдың астындағы біздің мінажат, бізді Құдайдан алыстатып, шек қойылған сияқты болып көрінеді. «Сенікі болсын»² деген сезім емес, жеке өз қалауымыз шатырдың астындағы бізге Құдайдан шет қалған сезімін тудырады. Құдай бізді көріп, бізбен байланыс орната алмаса, мүмкін біз Оның еркі мен Оның берген уақытына бағынып, құлақ аспайтын шығармыз.

Біздің сезіміміз Құдайдан алыстаған сайын кішірейеді, өйткені біз Оның алдында балаға айналғандай боламыз. Өзге адамзаттың пікірі біздің себепке қатты әсер беретін мүмкіндігі бола тұрып, бұл дүниеде оңай бола қоймас. Бірақ, бұл ақиқат көзін ашуға бізге көмектеседі. Құдай біздің жанымызда және Ол ешқашан Оған сенген Өз балаларынан жасырынған емес.

Менің үш жасар немерем Құдаймен байланыс орнату үшін, өзінің пәктігі мен бойсұнуының күшін көрсетті. Ол Юта штатындағы ашық үй Бригам Сити ғибадатханасына өзінің

отбасымен бірге барды. Ол ғибадатханадағы бөлмелердің бірінде айналасын көзімен шалып, «Апа Иса қайда?» деп, анасына сұрақ қойды. Оның анасы оған мен Исаны ғибадатханада көре алмаймын, бірақ Оның әсерін жүрегімде сезе аламын деп, түсіндірді. Элиза анасының берген жауабын анықтап қарастыра, риза болған сияқты болды. Ол: «Ия, Иса біреуге көмек көрсетуге кеткен ғой» деп, қортындылады.

Жоқ, Елизаның түсінігі мен шындыққа деген көз қарасына шатыр кедергі болған жоқ. Құдай оған жақын, ол өзін Оның қасында екенін сезді. Ол ғибадатхана Соның үйі екенін біледі және ол қайта тіріліп, даңқты болған тәні бар Иса Мәсіх бір мезетте³ бір жерде ғана бола алатынын түсінеді. Егер Ол Өзінің үйінде болмаса, онда Ол басқа жерде болғанын мойындады. Әмбе, Құтқарушы туралы оның бар білгені, ол бір жерде Құтқарушы Өз Әкесінің балаларына жақсылық жасайтынын білді. Элиза Оның болмысын білдіретін керемет дәлелін емес, жай ғана Исаны жақсы көргендіктен көргісі келіп, үміттенгені анық.

Рух, біздің баршамызға жайлылық қажеттісін оның кішкентай ақыл ойы мен жүрегіне ашуы мүмкін. Иса Мәсіх тірі, ол бізді біледі және бізді бақылап, бізге қамқорлығын береді. Қиын кезеңде, жалғыздық пен адасқан уақытта, Иса біздің жағдайымызды білу үшін немесе Оның миссиялық батасын алу үшін, Оны көру қажет емес.

Өз өмірлік тәжірибемнен білетінім, Елизаның өмірі жылдар өтіп, балалық шақты қалдырған біздің өмірге ұқсас болуы мүмкін. Менің алғашқы мансап жылдарымда, мен Стэнфорд Университетінде тер төгіп, штат профессоры болып еңбек еттім. Мен өз отбасым мен өзіме жақсы өмірді қамтамасыз еттім деп, ойладым. Біз менің әйелімнің ата-анасының қасында жайлы жағдайда өмір сүрдік. Әлем үлгісі бойынша, мен жетістіктерге жеттім. Бірақ, Шіркеуден маған Калифорнияны тастап, Айдаходағы Рексбургтегі Рикс колледжге ауысу мүмкіндігі берілді. Мүмкін, менің кәсіпкерлік мақсатыма шатыр жабылып, мен үшін болашақта ненің жақсы екенін білетін Көктегі Әкемнен алыстатқан шығар. Бірақ мен Оның батасын алғанымды жақсы білдім, өйткені барлық менің жетістігім және отбасым сол уақытта

мен үшін, Құдайдың маған берген сыйлығы болатын. Солай, мен бала секілді, тізерлеп мінажат етіп, мен енді не істеуім керек деп, сұрадым. Мен сыбырлаған дауысты басымда еститін күйде болдым, ол маған: «Бұл сенің мектебің» деді. Шатыр маған Құдайды естуге кедергі бола алмады. Жан тәніммен сеніп бойсұна, мен өзімді Құдайдың қолына тапсырдым. Сонда мен Оның қамқорлығы мен жақындығын сезіндім.

Рик колледжіндегі жылдарымда, мен Оның еркін орындауға тырысқан кезімде, мен үшін шатыр бірде жарқын, бірде Құдайдың белсенді рөлін менің өмірімде белгісіз қылып отырды. Мен Оның жұмысын орындап тырысқаным сайын, Оны қасымда сезініп, сенімді бола бастадым. Өйткені, Ол менің істерімді біліп, менің бақыты болуымды қолдайтын. Стэнфорд Университетінде сияқты менің пендешілік себептерім өзін білдіре бастады. Оның біреуі Рикс колледжінде бесінші жылды мен президент ретінде аяқтағандықтан, тартымды жұмысты жалғастыру ұсынысы болды. Мен жиі ойланып, ол туралы мінажат етіп, Бастапқы президенттігімен де талқылаған болатынымын. Олар маған жылы да, сәл әзілдеп, бірақ қандай да бір кеңес берген жоқ. Президент Спенсер В. Кимбалл менің оған үлкен қоғамнан алған ұсынысым туралы айтқанымды тыңдап, маған: «Ал, Хэл, бұл сіз үшін жақсы мүмкіндік! Егер сіз бізге бір кездері қажет болсаңыз. Біз сізді қайдан іздеп, табу керектігін білер едік». Олар мені қайдан іздеп, табу керектігін біледі. Бірақ, менің кәсіпкерлік жетістікке жету мақсатым - Құдайға бойсұнып, құлақ салып және Оның шақырған қызметін орындауға қиындық тудырып, маған шатыр кедергісін ілуі де мүмкін еді.

Менің әйелім бұны естіп, біз ешқайда көшпеуіміз керек деген шабыт алды. Рикс колледжі. «Ол мен үшін жақсы» деді. Бірақ, мен өз аянымды іздеуім керек деп, мені ақылға салды. Мен қайтадан мінажат еттім. Осы жолы мені бағытқа салған дауыс естідім, ол маған: «Мен сені Рикс колледжде біраз уақыт жұмыс істеуге мүмкіндік берем» деді. Менің өз жеке мендігім шындыққа деген көзқарасымды торлап, аян алуыма қиынға түсіретін еді, бірақ Құдай менен жасырынған жоқ. Мен

шынайы сеніммен, бойсұнып, іздеудің жолында жүргенде, Ол маған жауабын беруге дайын болды.

Мен Құдайдың батасын алғаннан кейін маған ұсынған жұмыстан бас тартып, Рикс колледжінде қалған соң, отыз күн өтісімен жақын маңайдағы Тетон бөгеті жарылды. Тетон бөгеті жарылып, адамдар көмекке мұқтаж болатынын Құдай білді. Ол маған ақылдасуға мүмкіндік беріп, Рикс колледжінде маған қалуға рұқсатын берді. Бірақ, тек қана Құдай менің қызметім колледж бен Рейхсбургте әлі де, қажет болатын себептерін білген болатын. Мен жиі Көктегі Әкемізге мінажат етіп, заттары мен өмірлері бұзылған адамдарға менің қандай көмегім қажет деп, сыйындым. Сағаттар бойы мен адамдармен бірге жұмыс істеп, үйлерді су мен балшықтан тазаладым. Оның еркін орындауға деген менің талпынысымда, Оның әсері менің өмірімді шындыққа айналдырды.

Бұл біз Құдайды танып, білуде кедергілер қоя алатындығымызды немесе *біздің* өз кестемізді талап ете, Оның бізге деген сүйіспеншілігін бейнелейтін өзге жолын көрсетеді. Мен Рейхсбург колледжінде жеткілікті қызмет етіп, ісімді жалғастырамын деп, ойлады. Кейде, біздің шыдамсыздық пен өз кестеміз бойынша жасаған әрекетімізде, Оның еркі бізге жасырын қалады.

Либерти абақтысында Жозеф Смит Құдайдан Миссури штатындағы шіркеу мүшелерін қудалаған адамдардың жазасын бер деп, сұрады. Оның дұғасы дереу және нақты жазаға тарту болды. Бірақ, Құдай оған: «көп жылдар емес, бұдан былай»⁴ Ол Шіркеудің сол жауларымен ісі болады. Ілім мен Өсиеттерде жазылған 24 пен 25-ші өлеңнің 121-ші бөлімінде, Оның айтқаны:

Міне, Мен олардың барлық ісін көріп және білемін, Мен олардың барлығын өз кезегінде соттаймын.

Әмбе, әр адамның істеген ісімен уақыт белгіленген.⁵

Бізді сезім қоршап мінажат еткен кезімізде, шатырды итеріп: «Сен белгілеген уақытта» және «Сенің дегенің болсын». Бұл жақын арада болуы тиіс, өйткені, Оның бізге тек жақсылық тілейтінін білеміз.

Менің бір келіміне бірнеше жыл бойы Құдай оның үстінен шатыр жауып қойған сияқты болып көрінді. Ол үш балалы жас

ана тағы балалы болғысы келді. Екі түсіктен кейін оның сыйынуы күшейе түсті. Бала көтере алмағанына бырталай жыл өтті, ол ашудың арбауына ілінді. Оның ең кіші баласы мектепке барған кезде, үйдің анырап қалған күйі оның аналық сезімін бопсалағандай болды. Әуелі, оған таныс адамдардың жоспарламай құрсауына бала біткені де. Ол өзін Мэри сияқты жарқын сезініп, оның айтқан сөзіндей, «Мінеки, мен сенің құлыңмын Құдайым»⁶ деді. Бірақ, ол шын жүректен айтса да, оған ешқандай жауап естілмеді.

Оған рухани қолдау көрсету үшін, оның күйеуі жұмыс бабымен Калифорнияға бара жатып, оған бірге баруды ұсынды. Күйеуі жиналыста отырғанда, ол керемет жағажайда жалғыз өзі серуендеп жүрді. Оның жүрегі жарылуға дайын болып, ол мінажат етті. Осы жолы ол алғашқы рет балалы болуды емес, Құдайдың қалауын сұрады. «О Тәңірім» деп, ол: «Мен өзімнің бар уақытымды Саған жұмсаймын, тек соны қалай толтыру керектігін көрсете гөр» деп, жалбарынды. Ол өз отбасын алып, көмек керек болған жерге баруға даяр болды. Бұл мінажат оның жанын тыныштандырды. Бұл оның ойындағы шөлді аса қанағаттандырмаса да, көп жылдан бері алғашқы рет, оның жүрегінде тыныштық орнады.

Мінажат шатырды итеріп, аспанға жол ашты. Екі апта арасында ол жүкті болғанын білді. Менің ұлым мен келінімді миссияға шақырған кезде, бала бір жасқа ғана толған еді. Ол уәдесінде тұрып, қай жаққа болсын барам деген, ол қорқынышты артта қалдырып, балаларын алып, шеттегі елге кетті. Мииссионерлер өзге орынға көшер күні, ол миссия алаңында тағы да, балалы болды.

Кейде, біз басымыздың үстіне қойған рухани шатырды алып тастауымыз үшін, осы жас әйел сияқты Құдайдың қолына беру маңызды болып келеді. Бірақ, ол сіздің дұғаңызға дереу жауап келетіннің кепілі емес.

Ыбрайымның жүрегі ұзақ уақыт бойы Сара Ысқақты дүниеге әкеліп, оларға уәде етілген өздерінің жерді алғанша, ақ ниетті болды. Бұл мақсаттың бағытына Ыбрайым мен Сараның сенімдіктері ғана емес және олар үшін, жер бетінде дайындаған ұзақ жолда олар мәңгілік ақиқатты танып біліп, өзгелермен бөлісу де кіреді. Құдайдың күттіргені жиі ұзақ

болып көрінуі мүмкін, кейде өмір бойы. Бірақ, олар әрдайым батасын алады. Ол уақыттар ешқашан оқиға, жалғыздық пен қайғы немесе шыдамсыздыққа айналмауы керек.

Кейде, Ол өз уақытын бізге әрдайым бөлмесе де, Құдай Өз уәдесін орындайтынына біз сенімді болуымыз керек. Қандай да бір адамның Оған қол жету мүмкіндігі қиынға соққанның сезінсе, уәде етем сіздерге, Оның жүзін көретін күніміз де, келеді. Сонда бізді Оның ажарынан жасырып, Ол туралы біздің түсінігімізге кедергі еш нәрсе бола алмайды. Біз баршамыз Оның алдынан өтеміз. Менің немерем сияқты біз Иса Мәсіхті қазір көреміз, бірақ біздің Онымен сот алаңында кездесуіміз жанға жайлі болар, егер біз алдымен Оған белгілі затты біз әдетке айналдырып, орындайтын болсақ. Оған қызмет етсек, біздің Оған деген ұқсастығымыз жақындап, сол күн келер кезде, біздің көз қарасымызды ешнәрсе жасырмай біздің арақашықтығымыз жақындайды.

Бұл Құдайға деген қозғалыста үнемі негізгі тірегі болуы мүмкін: «Келіндер, Әкемнің батасын алғандар, сендерге бұл дүние орнатылғандай, Патшалықты мұра етіп алындар»⁷ деп, Құтқарушының үйреткені. Сонда Ол бізге былай деді:

«Сендер Мен ашыққанда тамақ, шөлдегенімде сусын бердіңдер. Бейтаныс болып баспана іздегенімде Мені үйлеріңе қабылдадыңдар.

Киімсіз жүргенімде киіндірдіңдер, ауырғанымда Маған қамқорлық жасадыңдар, түрмеде отырғанымда артымнан келіп тұрдыңдар.

Сонда, әділдер Оған: «Иеміз, қашан Сіздің ашыққаныңызды көріп, тамақтандырған едік? Немесе шөлдегеніңде сусын берген едік?

Қашан бейтаныс болып, баспана іздеп жүргеніңізді көріп, Сізді қабылдаған едік? Немесе киімсіз жүрген сізді киіндірдік?

Қай кезде, Сіз ауырып не түрмеде жатқаныңызда артыңыздан келіп, тұрдық?» – деген сұрақ қойды.

Патша оларға былай деп жауап береді: «Сендерге шындығын айтайын: Менің мына бауырластарымның тіпті ең маңызсыз болып көрінген біреуіне жасаған жақсылықтарыңды шын мәнінде Маған жасағандарың!»⁸

Ол Өз Әкесінің баласына деген еркін біз орындайтын болсақ, Құдай Оның Өзіне жасаған ізгі ниет деп, ойлайды және біз Оның сүйіспеншілігі мен ризашылығын сезінгенде, өзімізді Оған жақын сезінеміз.

Құдайға шатыр болып көрінген кедергі, өзгелерге қызмет ету еркі емес, адам алдындағы қорқыныш болуы мүмкін. Тек қана Құтқарушының адамдарға көмектескісі келетін ынтасы. Мен сияқты, ренжіткен біреуді немесе сізді қатты ренжіткен адам жақындаған кезде, араларыңыздағы көпшіліктің қорқыныш сезімі пайда болады. Құдай менің де, өзгелердің де, жүректерін әрдайым жұмсартқанын көрдім. Сондықтан, мен баршаңызды Құдай үшін қорқыныш сезіміне қарамастан, оған барып өз сүйіспеншілік сезіміңізді өсіріп, кешірімді болуға шақырамын. Мен уәде етем сіздерге, солай істесеңіз, сіз Құтқарушының сол адамға деген сүйіспеншілігін Оның сізге деген сүйіспеншілігін сезінетін боласыз, сонда сізге оның көзі сізден тым алшақты болып көрінбейді. Мүмкін оны отбасыда, қоғамда немесе бүкіл халық шеңберінде істеу керек шығар.

Егер сіз Құдай жолымен жүрсеңіз, Ол өзгелерге батасын береді. Егер сіз оны жиі және әрдайым істесеңіз, Иса Мәсіхтің өтелуі арқылы өзіңіздің табиғи өзгерісіңізді сезінесіз. Сіз өзіңізді Оған жақын сезініп қана қоймай, Оған деген ұқсастығыңыз жақындай түскенін жиі-жиі тағы сезінетін боласыз. Сонда, біз баріміз көргенге ұқсас, сіз Оны шынайы көрген кезде, сіз Моронийдің: «Осымен, мен баршамен қоштасамын. Жақын арада мен Құдай жұмағына менің жаным мен тәнім қайта қауышып, ауада салтанатты түрде мен көтеріліп, сендерді Иегово, Мәңгілік тіршілік пен өлім Төрешінің үлкен сотының алдында қарсы алу үшін барамын» деп, айтқан кезіндегі оның сезімін танитын боласыз. Аумин».⁹

Егер сіздер бойсұнып, сенімде Құдайдың еркін орындап, қызмет ететін болсаңыздар, мен куәгер етем, ұлы Иегованың соты бізге қуанышты болады. Біз бізді жақсы көретін Әкемізді, Оның Ұлын көре алатын боламыз. Олар бізді қазір көріп тұрғандай, біз Оларды мүлтіксіз анық, шынайы сүйіспеншілікте көреміз. Қасиетті Иса Мәсіхтің атына, аумин.

Сілтемелер

1. Ілім мен Өсиеттер 121:1.

- | | |
|--|---|
| 2. Матайдықара 6:10; Лұқа 11:2;
3 Нефий 13:10; Ефер 12:29; Ілім
мен Өсиеттер 109:44; Мұса 4:2. | 6. Лұқа 1:38.
7. Матай 25:34.
8. Матай 25:35–40.
9. Мороний 10:34. |
| 3. Ілім мен Өсиеттер 130:22қара. | |
| 4. Ілім мен Өсиеттер 121:15. | |
| 5. Ілім мен Өсиеттер 121:24–25. | |

Өтеу

Президент Бойд К. Пэккермен

Он Екілік Апостол Кворумының Президенті

Біздің миссионерлер мен Шіркеу мүшелері қай жерге барса да, біздің жеткізетін хабарымыз бір, ол Құтқарушымыз Иса Мәсіхке деген сеніміміз бен үмітіміз.

Менің хабарым қиналып, кінә ауыртпашылығын көтеріп, рухани ауру, бақытын таба алмай, қолын түсірген жандарға арналады.

1971 жылы, мен Батыс Самоада қазық конференциясына, және Уполу аралындағы жаңа қазық құру тапсырмасына жіберілген едім. Біраз әңгімелерден кейін Саваий аралына конференция өткізу мақсатымен шағын ұшаққа отырдық. Ұшақ кішкентай Фаала атты жердегі шөпті алаңға қонды. Келесі күні бізді қайта Уполу аралына алып кету керек болатын.

Саваий аралынан оралған күн жаңбырлы болды. Жаңбырдың көптігінен біз аралдың батысына, суы аз жерге ұмтылдық. Біз кеш батқанша күттік, бірақ ұшақ қайтып оралмады. Содан біз радио арқылы үлкен желдің әсерінен ұшақ келе алмағанын естідік. Радио арқылы біздің қайықпен баратынымызды хабарладық. Мулифанауада бізді біреу күтіп алатын болды.

Саваийдың кемежайынан теңізге шыққанда, 40 фунт (12 метрлік) қайықтың капитаны миссия президентінен қол шамын сұрады. Жақсылыққа орай миссия президентінде шам болып, оны президент капитанға сыйлады. Біз 13 миль (21 км-дей) Уполу аралының қатты толқындарынан өттік. Арамызда ешқайсысымыз аралда үлкен тропикалық толқын аралға жеткенін білмей сол толқынға қарай ұмтылдық.

Біз Мулифанауаның жағалауына жету үшін, ол жердегі жарлар арасымен өтетін тар жолмен өту керек болды. Жағалаудың үстінде бір ғана жарық шамшырақ еді, екіншісі төменде орналасқан сол тар жолды көрсететін шам болатын. Сол екі жарық арқылы қайық бір түзу жолға түсіп, ешқандай қиындықсыз қауіпті жар тастарды өте алатын болды.

Бірақ сол түні бір шамшырақ қана болды. Екі аға миссионерлер жағада бізді күтіп алу керек болды, бірақ біздің келуіміз ұзаққа созылды. Бізді олар күте күте шаршап, екінші шамшырақты қосуды ұмытып, ұйықтап кетті. Нәтижесінде, сол жүретін тар жолдың риф көрінісі белгіленген жоқ.

Капитан өз кезегінде шамасы келгенше қайықты жоғарғы жарыққа қарай жүргізді және арамыздағы біреу болса шамды қайықтың үстіне де жандырып, ешқандай тастарға тап болмау үшін, ұстап тұрды. Сол тастарға толқынның соғылғаны естіліп тұрды. Ал біздің қайығымыз ақырын жақындаған кезде, тастарды алғашында байқамадық. Содан жақындап жар тастарын көре бастаған сәтте капитан артқа қайту белгісін беріп, айқай салды.

Көптеген тәсілді қолданғанмен жолды табу ісіміз нәтижесіз аяқталды. Соңғы амалымыз 40 миль (64 км-дей) Апиаға жету қалды. Сондай үлкен толқын табиғат элементтеріне күш көрсете алмадық. Өмірімде сондай қараңғы жерде болғаным есімде емес.

Әрең жүріп тұрған қайықпен ешқандай да, нәтижеге жете алмадық. Үлкен таудың толқындарынан қайығымыз қиналып тас жоқ жерде қайта қалпына келіп тұрды. Мотордың вибрациясы қайықты соншалықты селкілдеткен кезде, оның сынуына аз қалды.

Қайықтың ішінде біз бір-біріміздің қолымызды қайықтан құлап кетпеу үшін, ұстап тұрдық. Марк Литлфорд болса, қайықтың ішінде құлап кетті. Оның басы сырылып кетті, бірақ ол қайықтың сыртына құлаған жоқ.

Сөйтіп, таң атқанша біз де Апиа жағалауына жетіп қалдық. Қайықтар бір-бірімен қауіпсіздікті сақтап, байланып тұр екен. Бірнеше қайықтар бір-біріне тақалып тұрды. Арасымен тыныш ешкімді оятпайық деп, өтіп шықтық.

Песегаға жетіп, киімдерімізді кептіріп, жаңа қазық құру мақсатымен Вайлуутайға ұмтылды.

Бізді Мулисануаның су жағалауында кім күтіп алу керектігін білмеймін, білуден өзім бас тарттым. Бірақ шыны керек, сол екінші төменгі шамшырақтың жоқ болған себебінен біз адасып кеттік.

Менің жүрегіме ерекше әсер ететін бір сирек айтылатын өте ескі әнұран бар.

Әкеміздің жарығы өте жарық жанады

Шамшырақтан созылып,

Шамшырақ бізге беріліп

Жанымызда қалады

Төменгі жарық жанып тұр

Толқын арасымен тұра түсіп

Қиналған байқұс теңіз адамға

Шамын беріп құтқарады

Қараңғының күнәсі түсіп,

Ашуын қатты басады.

Жалтыраған көздер көріп, күтіп,

Жагадан жарық күтіп тұрады

Жинақта бауырым шамыңды;

Құлаған байқұс теңізші,

Жағаға шығып тырысты,

Қараңғыда мүмкін жоғалар.¹

Мен бүгін бәлкім адасқан, және сол төменгі жарық іздеген жандарға хабарымды арнадым.

Ең басынан осы жергілікті өмірде біз қателіктер істеп кіршіксіз болмайтынымыз анық болған. Бізден тек заңмен жүреміз деп, мынау немесе анау заңды бұзбай жүреміз деген ой күтілмеген.

Адамзат Құдайға дұшпан, және Адамның құлауынан болған, және болады, мәңгілікке және шексіз, егер де Киелі Рухтың әсеріне бағынып, адамға тән табиғатын бағындырса, Мәсіх Иеміздің өтелуі арқылы таза болады».²

Інжу Қазынасынан, «кіршіксіз таза болмаған зат Құдай патшалығында»³ тұра алмайды, бірақ Көктегі Әкемізбен қайта

тұру мүмкіндігі беріліп, күнәміздан тазарту жолы дайындалған.

Байланыс орнататын адам, Өтеуші таңдалып алынды, Ол кіршіксіз өмір сүреді, ешқандай күнәға батпайды, және «өзін күнәға құрбандық етіп, қайғылы жүректілер мен өкінген жандарға заңның соңына жауап беру үшін; бірақ басқа ешкімге заң жауабын бермейтін».⁴

Өтеудің маңыздылығы туралы Алма оқытты, «Өтеудің болуы өте маңызды;... әйтпесе бүкіл адамзат жоғалады».⁵

Егер де ешқандай қателіктер істемесендер сендерге Өтеу керек емес. Ал егер де қателіктер жасасандар, бәріміз күнә қылдық, кіші болсын әлде күрделі болсын, қараңғыда қалмау үшін, сол күнәларды қалай өшіру тәсілін табу үлкен бәрімізге деген мақсат.

«(Иса Мәсіх) әлемге деген жарық және өмір.»⁶ Бәріміз Исаның оқытуына көңіл берсек, біз рухани қауіпсіз жағасына жеткізілеміз.

Үшінші Рәмізде былай айтылады, «Мәсіх біздің орнымызды басып, күнәларымыздың құнын Өзінің қасиетті өмірімен өтегендіктен барлық адамзат Інжіл заңдары мен құпияларына бағыну арқылы құтқарылады. Біз соған сенеміз.»⁷

Джозеф Ф. Смит Президент оқытты: «Адам өзінің күнәсін кешіре алмайды; олар күнәларының нәтижесінен өздерін құтқара алмайды. Адам күнәдан бас тарта алады және болашақта дұрысты тандай алады, олардың істері Құдай алдында қабылданатын болса, лайықты болып есептеледі. Бірақ кімде кім өздеріне және басқаға жасаған қателіктерін қайта орнына келтіре алады, өздеріне қайта келтіру мүмкін емес сияқты. Иса Мәсіхтің Өтеуі арқылы күнәдан бас тартқан күнәлары шайылып, әппақ болып таза шыға келеді. (Ишай 1:18қара) Бұл уәде сендерге берілген».⁸

Біз Иеміздің Өтеуді қалай істегенін анық білмейміз. Бірақ сол айқыш үстінде басталған қатал азаптар, Гефсиман бағында басталғанның тек бір бөліктің сұмдық қиналысы - сол қасиетті азап орын - Голгоф жотасында біткенін білеміз.

Лұқаның жазғаны:

«Ол олардан тас лақтырымдай жерге аулағырақ барып, тізерлеп отырып мінажат етіп, былай деді.

«О, Әкем, егер Сен қаласаң, (қаһарыңа толы) мына тостағанды Маған жолатпаай алып кете гөр. Бірақ Менің емес, Сенің еркін болсын!

Сонда көктен бір періште келіп, Исаға күш берді.

Жан таласып жатқанда Иса одан бетер қатты мінажат етті. Оның тері қан тамшыларына ұқсап, жерге тамып жатты».⁹

Есімде болғанша, Гефсимания Бағында өткен төзгені туралы Құтқарушы тек бір жерде ғана баяндайды. Аянда жазылғандай:

«Сондықтан, Мен, Құдай, осының бәрін олар күнәдан бас тартып қиналмас үшін төздім;

«Бірақ егер күнәдан бас тартпаса олар мен сияқты қиналуы тиіс;

«Бұл қиналыс Құдай өзін, бәрнен де мықтыны, бәрі жерден қан шығып қинатты».¹⁰

Бәлкім, өмірлерінде істемеу керек істерді істеп, бармау керек жерге барып көрген шығарсыңдар. Егер де күнәдан бас тартсаңдар, шынайы шәкірттік өмірден келетін жанның тыныштығын сезе аласыңдар.

Қандай күнә болмасын, істеріміз қаншалықты басқа адамдарға ауыртпалық әкелсе де, кінә тазарады. Мен үшін, бүкіл киелі жазбада Құдайдың айтқан сөзі ұнамды: «Мінеки, егер кім күнәдан арылып тәубеге келсе, соған кешірім етіледі, Мен Құдай, оларды бұдан былай есіме де алмаймын».¹¹

Иса Мәсіхтің Інжілі және Өтеуі осы болады: кімде кім болсын келсе, кім де кім болсын қосылса, өмірдің соңында осындай тәжірибеден өткіземіз, олар шымылдықтан өткен кезде олардың күнәлары таза болып өтеді.¹²

Осыны бүкіл әлемдегі Соңғы Замандағы Әулиелер істеуде. Егер де кімде кім қараңғы жақта жолынан адасқан болса, біз осы Жарықты ұсынамыз. Қайда болмасын біздің Шіркеу мүшелердің әрі миссионерлердің хабары ортақ, ол Иса Мәсіхке деген сенім мен үміт.

Джозеф Филдинг Смит Президенті «Саяхат ұзақ сияқты ма?» деген әнұранға сөзін жазды. Сол әнұран Құтқарушыны іздеп, және оқытуын іздеген адамдарға деген қолдау және келесі уәде беріледі.

Саяхат ұзақ сияқты ма,
Жол мықты да шұғыл ма?
Тікенекті қиын жол ма?
Үшкір тастар сенің аяғыңа батып
Көтеріліп сен күресесің
Күннің ыстығымен биікке?

Жүрегің түсіп, ашынып
Жаның күйіп, шалдығып
Қиындықты көтере сен тер төктің ба?
Қиындығын ауыр болып көрінді
Тым ауыр көтеруге?
Ауыртпалықты бөлісетін ешкім жоқ?

Түспесін сенің жүрегің
Саяхат міне басталды
Бар адам сені ойлайтын,
Ажарыңды көтер жоғары
Ұста оның қолынан
Ол жаңа биікке сені көтереді -

Қасиетті, ақ жерде
Барша қиындығың бітіп,
Таза болар күнадан өмір
Көз жас шықпас еш жерден
Ешбір ауырлық қалмайтын
Алып кетер ескі жерден.¹³

Иса Мәсіхтің атынан, әумин.

Сілтемелер

1. "Brightly Beams Our Father's Mercy," *Әнұран*, нөмір 335.
2. Мосия 3:19.
3. Мұса 6:57.
4. 2 Нефий 2:7.
5. Алма 34:9.
6. Мосия 16:9.
7. Дін рәміздері 1:3.
8. *Шіркеу Президенттігінің ілімдері: Жозеф Смит* (1998), 99–100.
9. Лұқа 22:41–44.
10. Ілім мен Өсиеттер 19:16–18.
11. Ілім мен Өсиеттер 58:42.
12. Аян 1:5қара.
13. "Does the Journey Seem Long?" *Әнұрандар*, нөмір 127.

Алдымен байқап, содан соң қызмет көрсет

Линда К. Буртон

Мейірімділік Қоғамының Бас Президенті

*Тәжірибе жинай отырып, Құдайдың балаларына
қызмет ете, Құтқарушымызға деген
ұқсастығымыз жақындай түседі.*

Біздің ең ұлы куәгерлігіміз бар, ол біздің сүйікті Президент Томас С. Монсон тандап алынған Құдайдың қызметшісі, ол өзінің жеке қызметінде Құдайдың көрсеткен үлгісімен жүріп, үйренді. Сол біз су рәсімін өтіп, суға кірген әрқайсысымызға да, бұл өсиет берілген. Бізге берілген өсиет, ол (Құтқарушыны) «әрқашан есте сақтап, Оның өсиеттерін орындау» және Ол бізге: «бұл Менің өсиетім,¹ Мен сендерді қалай сүйсем, сендер де бір-біріңді солай сүйіңдер»² деді.

Президент Томас С. Монсонның сөздеріне назар аударыңыздар, олар да сол шақырудың белгісі болып табылады: «Біздің назарымызға, көмегіміз бен мейірімділігімізге мұқтаж адамдардың арасында өмір сүреміз. . . Біз жер бетіндегі Құдайдың көмекшісіміз және қызмет етуге мандаты бар, біз балаларды өсіріп, жеткізуіміз керек. Ол әр адамның өзіне байланысты».³

Бір-біріңе сүйіспеншілікпен қараңдар деген сөзді естідіңіздер ме? Кейбір жазасын өтеп жатқандар немесе біреуге қызмет еткен адамдарға Құтқарушының үлгісімен өмір сүру оңайға соқпайды. Бірақ біз Құдайдың балаларына қызмет ете тәжірибе жинап, әрқайсысымыздың Құтқарушыға деген ұқсастығымыз жақындай түседі. Біз бір-бірімізге деген сүйіспеншілігімізді өсіру үшін, мен сіздерге мына сөздерден

тұратын сөйлемді есте сақтауды ұсынамын: «Алдымен байқап, содан соң қызмет көрсету».

Осыдан 40 жыл бұрын күйеуім екеуміз жұмаға белгіленген күні ғибадатханаға бардық. Біздің некеге тұрғанымызға аз ғана уақыт өтті, сондықтан, мен аздап уайымдап тұрдым, өйткені бұл жас жұбай ретінде ғибадатханаға менің екінші келуім болатын. Менің қасымда отырған әпкенің біреуі байқаған болуы керек. Ол еңкейіп құлағыма «Сабырлық сақтаңыз. Мен сізге көмектесем», деп сыбырлады. Менің қорқыныш сезімім тарап, ғибадатханада өткен қалған рәсімдерден ляззат алдым. Ол алдымен байқап, содан соң қызмет көрсетті.

Біз баршамыз Исаның ілімдерін қабыл алып, өзге адамдарға қызмет етуге шақырылды. Бұл шақырылу мейірімділік әпкелердің қызметімен ғана шектелмейді. Мен сіздерге шіркеудің бір мүшесінің күнделікті қызметіндегі үлгісін мысал қылып келтіріп көрсетейін, олар Исаның ілімдеріне бойсұнып, алдымен байқап, содан соң қызмет етіп үйренгендер.

Бастапқы қоғамдағы алты жасар баланың айтқаны: «Мен қосымша сыныпқа қабылданған кезімде, менімен бірге жұмыс істейтін бір баланы таңдауым керек болды. Сонда мен (сыныпта өзімді кемсітетін баланы) таңдадым, өйткені, оны ешқашан басқалар таңдамас еді. Мен оған жақсы әсер еткім келді».⁴

Бұл бала нені байқайды? Ол сыныптағы бұзақы баланы ешкім таңдамайтынын байқады. Қызмет ету үшін ол не істеді? Ол жай ғана қосымша сыныпта оны өзінің досы қылып таңдады. Иса бізді «Жауынды жақсы көр, өзінді қудалағанға Құдайдан жақсылық тіле, оны қарғамай ақ батанды бер» деп, үйреткен».⁵

Үлкен тармақта Харұн Әулиелігін ұстанушылар алдымен бақылап, қазіргі уақытта айтарлықтай қызмет көрсетуде. Әр апта сайын көптеген жастар жиналыс үйіне ерте келіп, күннің ыстығына, жаңбырлы күн мен қарлы күнге қарамастан, үлкен тармаққа келетін көптеген қарт адамдардың келуін күтіп, қарсы алады. Олар мүгедек адамдардың арбасын көтеріп, оларға қолғабыс беріп, көліктен түсіріп, шыдамдылық таныта, ақ шашты қарт адамдарды ғимаратқа жетелеп шығарып

салады. Олар Құдай алдындағы өз борышын адал орындайды. Олардың бақылап, содан соң олардың істеген қызметтері, нағыз Құтқарушының ілімдерінің бірі «Кіші бауырымның кішісінің біріне істеген жақсылығың Маған істегенің»⁶ деп, айтылғанның шынайы үлгісі болып танылады. Жастарды оқыту бағдарламасының жаңа құралы Исаға қызмет ету жолындағы осы жастардың көзі анық үлкен мүмкіндіктерге ашады.

Бақылау мен қызмет кейде аса мұқият болуды талап етеді. Александрия атты жас әйел өзінің туысы Медисон аутизм ауруына шалдыққанның кесірінен өзінің жеке жетістіктерін орындай алмағанын байқады. Александрия оның тармағындағы жас әйелдермен бірігіп, ол өзі істей алмайтынды жетекшілеріне кеңес беріп, Меддиге қолғабыс көрсетуді шешті. Медди марапатқа жету мүмкіндігін алуы үшін, әр жас әйел оның жеке іс жоспары мен жобасының жарты бөлігін аяқтап отырды.⁷

Сол жас әйелдер ана ретінде және мейірімділік қоғамының әпкесі ретінде озық болып өрлейді, өйткені олар алдымен бақылап, содан соң қызмет көрсетіп мейірімділік жолдарын үйренуде.

Президент Монсон бізді ескерткен болатын: «мейірімділік, ол Исаның⁸ ізгі сүйіспеншілігі» немесе өзге сөзбен айтқанда, ол бақылу мен қызмет – «нақты егде жастағы жесір әйелді еске түсіріп және тармақ міндеттерін қабыл алып немесе әпкеміз жалғыз отырған кезде, мейірімділік қоғам – «кел - бірге отыр бізбен»⁹ деп, шақыруды қабыл алған кезде. Бұл жерде айтылған алтын сөздер орынды: «Барлық істе де, басқалар (немесе әйелдер)¹⁰ өздеріне қалай істесін десең, сен де оларға солай істе».

Бақылай білетін күйеу маңызды екі бағытта қызмет етті. Оның әңгімесі:

«Мен жексенбі күні Бастапқы сыныптағы толық жеті жасқа толған белсенді балалардың сабағында әйелімнің көмекшісі болдым. Бастапқының бірінші бөлігінің уақыты басталып кеткенде, мен белсенді мүшенің біреуі бүгіліп, орындықта өзін аса жақсы сезінбей отырғанын байқадым. Рух маған ол бала өзін жайсыз сезініп отыр деп сыбырлады,

сондықтан мен қасына барып отырдым да, ақырын не болды деп, сұрадым. Ол маған жауап бермеді . . . , сонда мен оған ақырын ән айта бастадым.

Біз әнді орындаған кезде, Бастапқыдағылар жаңа әнді үйренген болатын, «Егер мен Құтқарушының дауысын шын жүрегімнен естісем» деген сөздерді естігенде, мен өзімді жарқын сезіп, жаным жылы сезімге толды. . . Мен Құтқарушының сол бала мен маған деген сүйіспеншілігінің куәгері болдым. . . Біз бір кісіге қызмет еткен кезімізде, біз Құтқарушының қолы екенімізді түсіндім.»¹¹

Бұны Мәсіх бауырымзға жеті жасқа толған белсенді балалар сыныбында тек қана әйеліне көмек керек екенін ғана байқатып қоймай, ол оған жеке түрде көмек керек болған балаға қызмет көрсету мүмкіндігін берді. Ол Құтқарушының бізге «Сен байқаған Менің жұмысым болса, оны да орындауың керек»¹² деп, айтқанын орындады.

Соңғы уақыттағы топан сулар Иса Мәсіхтің ізбасарларына алдымен бақылап, содан соң қызмен көрсету көптеген мүмкіндіктерін ашты. Ер адамдар, әйелдер, жасөспірімдер мен балалар қираған кәсіпорын мен тұрғын үйлерді көріп, сол бұзылған құрылысты қалпына келтіріп тазалауға көмектесу үшін, барлығын тастады. Кейбір бақылаушылар кір жуатын орын дайындау керек деп, көмектесті. Өзгелері сүреттерді, бағалы құжаттарды, хаттарды, басқа да маңызды құжаттарды мұқият тазалады, сондықтан барлығын сақтап қалу үшін, оларды жинақы кептіріп, іліп қойды. Бақылап, содан соң қызмет көрсету өзіміздің уақыт кестемізге әрқашан сәйкес келе бермейді.

Үйде алдымен байқап, содан соң қызмет көрсетуге не жетсін? Аға Ричард Г. Скоттың өмірінен келтірілген сүреттеме:

«Бір түнде, біздің кіші баламыз Ричардтың жылаған дауысы бізді оятты. . . Әдетте, әрдайым менің әйелім тұрып, жылаған балаға қамқорлық көрсететін. Бірақ, осы жолы мен оған: «Мен өзім оның қасына барам» деп, айттым.

Баламның қиындығы, ол жылаған кезде оның кішкентай жүрегінің соққысы тым жылдам соға бастайды. Ол төсектегі көрпені лақтырып тастағысы келді. Сол түні мен оны қасыма

жақын ұстап, оның дүрсілдеген жүрек жылдамдығын басып, жылағанын тыныштатуға тырыстым. Содан соң, оның киімі мен ақжаймасын ауыстырдым. Ол ұйықтап қалғанша мен оны қолыма құшақтап отырдым. Сол кезде, мен оның бірнеше ай өтісімен кететінін білген жоқ едім. Мен оны қолыма ұстап, құшақтап отырған сол түннің ортасы мәңгі менің есімде сақталып қалады.»¹³

Иса «Қайсың ұлы болғысы келсе, сол өзгелеріңе қызмет ете берсін»¹⁴ деп, айтқан.

Кейде, біз сол сәтте қажет болғандықтан, қызмет ету қажет болғандықтан емес, өз қалауымыз бойынша қызмет көрсетуге талпынамыз. Аға Роберт Д. Хейлз өзінің әйеліне алған сыйлықтың бір бөлігімен құнтты өмір ұстанымын үйретті. Әйелі одан: «Сіз бұны маған әлде өзің үшін алдың ба?»¹⁵ деп, сұрады. Егер сұрақты өзімізден біз қалай қызмет етеміз және «Бұны біз Құтқарушыға әлде өзім үшін, істеп отырмын ба?» деп, сұрасақ. Біздің қызмет Құтқарушыға қызмет еткенге ұқсас. Құтқарушы сұрақ қойғанда, біз: «Нені қалайсыз, мен сіз үшін не істей алам?»¹⁶ деп, сұрауымыз керек.

Бірнеше апта бұрын. Көптеген тізім беттерін қарағанға мен қатты шаршап, асығып тұрдым. Сол күні мен ғибадатханаға баруым керек болды, бірақ менің қолым бос емес деп, ойладым. Ғибадатханада, қызмет көрсетуге уақытым жоқ деген ой басыма келген кезде, ең маңызды нәрсені істеуім керектігін есіме түсіріп, ояндым. Мен жұмыс орнымнан кетіп, Солт Лейк Сити ғибадатханасына қарай кеттім. Қызық, сонда мен жоғалтқан уақытымды қайтып қайтармақшы едім. Маған шыдамдылық пен рақымшылық етіп, сол күні маған жақсы сабақ берген Құдайға ризашылығымды білдірем.

Мен арнау рәсімін өткізетін бөлмесіне кіріп отырған кезімде, жас әпке маған еңкейіп: «Мен қатты қобалжып тұрмын. Бұл менің ғибадатхана екінші рет қана келгенім. Маған қолғабыс бере аласыз ба?» деп, қастерлей құлағыма сыбырлады. Маған дәл осы сөздерді есту керек болғанын ол қайдан білді? Ол білген жоқ, бірақ Көктегі Әкеміз білді. Ол маған бұның қажет екенін байқады. Маған қызмет көрсету қажет болған. Ол жас, қарапайым әпкені жіберіп, мені оған

қызмет көрсетуге шақыртып, әрекет етті. Сеніңіздер, одан көп пайдаға ие болған тек жалғыз мен ғана болдым.

Мойындаймын, мен менің отбасыма көптеген жылдар бойы көп адамдардың қызметі үшін, Мәсіхке үлкен ризашылығымды білдіремін және шын жүректен аянбай қызмет көрсетіп жүрген менің сүйікті күйеуім мен отбасыма ризашылығымды білдірем.

Мүмкін, біз баршамыз алдымен бақылап, содан соң қызмет көрсетуге тырысамыз. Біз солай істеп біз өсиеттерді ұстанамыз, сонда Президент Монсонның істеген қызметі сияқты біздің шәкірттік қызмет куәгерліктің кепілі болады. Мен білемін Құтқарушымыз тірі және Президент Монсон біздің пайғамбар. Иса Мәсіхтің атына, амин.

Сілтемелер

1. Ілім мен өсиеттер 20:77.
2. Жохан 15:12.
3. Томас С. Монсон, «Бүгін мен біреу үшін не істедім?» *Лиахона* 2009,86.
4. Канион Г., «Жақсы талғам,» *Friend*, Қаңтар. 2012, 31.
5. Матай 5:44.
6. Матай 25:40.
7. «Медисон үшін» қара, lds.org/youth/video/for-madison.
8. Мороний 7:47.
9. Томас С. Монсон, «мейірімділік ешқашан өлмейді» *Лиахона*, қараша. 2010, 125; тағы *Менің патшалығымдағы қыздар*:
Мейірімділік қоғамының тариғы мен жұмысы (2011), 101.
10. 3 Нефий 14:12.
11. Ал Ван Лиивен, «Қызмет біреу» *Liahona*, Aug. 2012, 19; тағы Sally DeFord, қара «Егер шын жүректен тыңдасам» *2011 Outline for Sharing Time*, 28.
12. 3 Нефий 27:21.
13. Ричард Г. Скотт, «Некенің мәңгілік батасы» *Лиахона*, мамыр 2011, 96.
14. Матай 20:26.
15. Роберт Д. Хейлз, «Пендешілік пен Руханиді басқара білу» *Лиахона*, мамыр 2009,9.
16. Матай 20:32.

Жүрегімізбен үйрену

Аға Уалтер Ф. Ганзалес

Жетпістік Президенттігінен

Мәсіхке келу жолдарының бірі болып маңызды ақиқаттарды шын жүрекпен іздеу болып табылады.

«Сендер көріп және сезу мүмкіндігін алу үшін, маған келіндер».¹ Бұл көне Америка тұрғындарына берілген Құтқарушыдан деген өсиет. Исаның Мәсіх екенін олар өз қолдарымен сезіп, өз көздерімен көрді. Бұл өсиет көне замандағы адамдарға ғана маңызды болып қоймай қазіргі таңдағы адамдарға да маңызды. Егер де, біз Мәсіхке келсек біз оны сезіп және көре де, «нақты біле аламыз»² – тек қолмен және көзбен ғана емес әрі бүкіл жүрегімізбен және ақылымызбен біліп сезе аламыз.

Мәсіхке келу жолының бірі ең маңызды ақиқаттарды жүрегімізбен іздеу болып саналады. Егер біз сөйтіп істесек, басқа тәсілмен ала алмайтын білім Құдайдан келетін сезімдер арқылы ала алатын боламыз. Петір Апостолы, Исаның Мәсіх екенін, Құдайдың Ұлы екенін білген. Құтқарушы Петірдің білу жолы « тән және қан емес. . бірақ көктегі Мәңгілік Әке»³ болғанын түсіндірді.

Сондай Құдайдан келген сезімдердің рөлі туралы Авинадий пайғамбары түсіндірді. Ол бізге киелі кітаптарды шын жүректен үйренбесек, онда түк үйрене алмайтынмызды оқытты.⁴

Бұл ақиқат әйгілі Антуан де Сэинт-Егзуперимен жазылған *Кішкентай Ханзада*, атты балаларға арналған кітабында керемет айтылған еді. Сол кітапта, Кішкетай Ханзаданың түлкімен достығы басталады. Кетіп бара жатып, түлкі онымен шағын құпиясымен бөліседі. Түлкі оған: «Мінекей менің өте

қарапайым құпиям . . . : Тек жүрекпен ғана адам дұрыс талдай алады; өте маңызды нәрсе көзге көріне қоймас».⁵

Сексен сегіз жастағы Томас Коелхо бауырымыздың керек заттарды жүрегімен көре алатынның жақсы үлгісі. Ол Пайсанду Уругвайдағы біздің жоғарғы кеңестің мүшесі болған еді. Ол сенімді Шіркеу мүшесі болмай тұрып, бір мотоцикілін айдап келе жатып, аварияға тап болды. Жерден тұра алмай жатқан жерде ол екі миссионер өтіп бара жатқанын көрді. Олар оған тұруға және үйіне жеткізуге көмектесті. Куелхо бауырымыз миссионерлер келіп көмектескенде, бір ерекше сезімдерді сезгенін айтты. Кейінірек миссионерлер келіп сабақ берген кезде, ол тағы да ерекше сезім сезді. Бұл сезімдердің мықты болғаны соншалық, ол Мормон Кітабын түгел бір-екі күн ішінде оқып шықты. Коелхо бауырдың сезімімі оны су рәсіміне алып келгенін түсінді. Сол күннен бастап, ол бүкіл сенніммен шаршамай қызмет етті. Мен оның қаламыздың көшесінде біздің Уругвайдық жаңбырлы күні болса да, ары бері мотоцикілімен жүріп адамдарды Мәсіхке шақырып жүргеніне куә болдым. Коелхо бауырдың сезімдері оның Исаға келуіне үлкен рөл атқарды.

Қазіргі таңда біз миллиондаған интернет жүйесін басқара отырып, бүкіл керекті сұрақтарға жауап береді дейтін көптеген ақпаратпен қоршалғанбыз. Біз интернет желісінде жақсы әрі жаман ақпаратты табуымыз мүмкін, бірақ ақпараттың өзі жеткіліксіз. Құдай бізге басқа Көктің, білім⁶ қайнарын берген. Бізге Көктегі Әкеміз аспандағы желіні жүрегімізде және ақылымызда басқара алатындай білім бере алады. Пайғамбар Жозеф Смит айтқаны: «жүрегіндегі ең көне кітап, бұл Киелі Рух Қасиеті».⁷

Біз осындай целестиалды білімге қол жекткізуіміз үшін, киелі кітаптарды оқу арқылы қазіргі таңдағы пайғамбарларды тыңдау және дұға кылу арқылы іске асырылады. Осыған қосымша ретінде, сабыр болып⁸ және целестиалды сезімдерді сезу және сол сезімдердің айтқанын істеу өте маңызды. Егер де, біз осының бәрін істесек, осы заманның технологиясы арқылы үйретілмейтін нәрселерді «сезе және көре» алатын боламыз. Целестиалды желіні басқару тәжірибесін жетілдіре, біз қарапайым тарих болсын немесе басқа тақырып болсын,

ақиқатты талдай алатын боламыз. Шынайы ақиқат іздегіштер бүкіл ақиқатты Киелі Рух күші арқылы біле алатын болады.⁹

Ал қазір ескерту: целестиалды желі заңсыздықпен және Құдайды ұмытумен ғана құртылады. Нефий өзінің бауырларына олардың Құдайдың «сөзін сезе» алмағандығын, өйткені олар «заңсыздыққа шапшан, Құдайды есте сақтауға баяу»¹⁰ екенін айтты. Заңсыздық біздің көру, сезу, және басқаларды сүю қабілетімізге тосқауыл қояды. Құдайды «шын жүректен»¹¹ дұға қылу арқылы, ақылмызға деген рухани тәжірибемізді алып келу арқылы шапшан есте сақтау біздің Мәсіх істерін көру, сезу қабілетін нығайтады. Ал қазір сендерден сұрайтыным:

•

Көптеген қиыншылықтарыңның әсерінен Құдайға жығылып, дұға қылғаннан кейінгі бейбіт сезімің есінде ма?

•

Өзіңнің жоспарлаған жоспарыңды жүрек сезіміңіз әсерінен өзгертесіз бе?

Мормон Кітабындағы бір керемет адам, бізге деген рухани тәжірибе алуға деген үлкен ықпал ету рөлін атқарды. Алма болса, өзінің балаларының сенімін және қорғанысын күшейте, өзінің Құдай жолына түскен тәжірибесін естеріне салды.

¹²Теламан болса, Нефийді және Легийді тек Мәсіхтің тасында ірге тасты қалау керектігін, сонда азғырушының мүлдем біздің үстімізде күші болмайтындығы туралы үйретті.¹³ Біз де солай істеуіміз қажет. Құдайды есте сақтау бізге деген сезіп және өмір сүруге көмектеседі. Бұл енді бізге Вениаминнің сөзін түсінуге жан береді: «Ал енді, О адам, осыны есте сақта да, өлме».¹⁴

Өмірімдегі ең киелі кезіңіңіздің бірі болып, Мормон Кітабының Құдай сөзі екеніне көзім жеткен кез болды. Сол күні мен сезіп қана қоймай, нақты білім алдым, басқа жолмен бұл куәні мен ала алмас едім. Сөзбен баяндауға мүмкін емес қуанышты сезе алатынымызға көзім жетті. Осындай естеліктер маған қиыншылық кезіндегі тірегім ғана болмай, әрі мәңгілік алғысым болып табылады.

Кімде-кім білімді тәннен және қаннан алмай, Көктегі Әкеден алатын болса, онда ол дәл нақты Исаның Мәсіх екенін

және бұл Оның Шіркеуі екенін біле алады. Сол нақты білім бізге Мәсіхке келу үшін, әрі керекті өзгерістер енгізуге күш-қуатпен қамтамасыз ететін болады. Осы себептен кез келген және әр жанды біз су рәсімінен өтуге, күнәдан арылып, Оған бет бұрыуына шақырамыз.¹⁵

Исаға келу арқылы, біздің мәңгілік өмірге лайықты болу үшін, әр жан Исаның біздің күнәларымызға деген өтеуі арқылы басынан өткен қиыншылықтар мен азаптарды көріп, сезе алады. Егер біз күнәмізден бас тартсақ, мұқтаждықта қиналмаймыз.¹⁶ Исаның арқасында, жараланған жандар сауығып, сынған жандар қайта өз қалпына келе алатын болды. Ол жазбайтын немесе жеңілдететін ауыртпашылық жоқ. Ол біздің қиыншылығымыз бен мұңымызды біледі. Мен сіздерге уәде етемін, егер бүкіл есіктер сізге жабық сияқты немесе өмірде бәрі құлап бара жатқандай көрінсе, Ол сені құлатпайды. Өмірінде неге тәуелді болсаң да, депрессия болсын, тағы басқа да нәрсе болсын, Ол сенен бас тартпайды.¹⁷ Ол өзінің адамдарына қалай көмектесу керектігін біледі. Некелер және отбасылар қандайда болсын себеппен қиыншылықтарға тап болып жүрсе- не экономикалық болсын, бұқара ақпарат құралының жаман әсері болсын мұның бәрі орнына келіп, тыныштық ықпалы Көктен келіп тыныштатады. Оның «қайта тірілгенін» және «Оның сауыққан нұрын»¹⁸ бізге «сезініп, көру» қуаныш, өйткені Оның арқасында, біз қош кеткен сүйіктілерімізбен қайта көрісіп, қауышатын боламыз. Оның жолына түскен біздер сауығу марапатына ие болатыны, ақиқат.¹⁹

Мен сенімдімін, бұның бәрі ақиқат екенін білемін. Көне Американың тұрғындарына айтылған: «Осана! Ең Жоғарғы Құдіретті Құдайдың аты шықсын!» сөзіне өз дауысымды қосамын.²⁰ Ол бізге құтқарушылық береді. Мен білемін Исаның Мәсіх екенін, Киелі Мессия. Ол Құдіретті Құдай, біздің Құтқарушымыз, және Өтеушіміз. Иса Мәсіхтің атынан, әмин.

Сілтемелер

1. 3 Нефий 18:25.
2. 3 Нефий 11:15.
3. See Матай 16:16–17.
4. Мосия 12:27қара.

5. Антуан де Сент-Экзюпери, *Кішкене Ханзада*, trans. Katherine Woods (1971), 87.
6. Ефер 4:13қара.

7. Шіркеу Президенттігінің ілімдері:
Жозеф Смит(2007), 132.
8. Ілім мен Өсиеттер 101:16қара.
9. Мороний 10:3–5қара.
10. 1 Нефий 17:45.
11. Мороний 7:48.
12. Алма 36:5–24; 38:6–9қара.
13. Геламан 5:12.
14. Мосия 4:30.
15. 3 Нефий 9:13.
16. Ілім мен Өсиеттер 19:16қара.
17. Алма 7:12.
18. 2 Нефий 25:13; тағы 3 Нефий
25:2қара.
19. 2 Нефий 16:10қара;3 Нефий 9:13.
20. 3 Нефий 11:15–17қара.

Бірінші Өсиет

Аға Джефри Р.Холланд

Он екілік Апостолдар Кворумынан

Біз де Иемізге сүйіспеншілігімізді көрсететін шәкірттік адал өмір бар.

Бүкіл адамзат тарихында менің деген Исаның өлімінен кейін қалған он бір апостолдарға деген менің сүйіспеншілігім сияқты сезім ешкімге болған емес шығар. Бәлкім, біз кей кезде, олардың тәжірибелері шектеулі және Исаға соншалықты тәуелді болғанын ұмытып та кетеміз. Оларға Исаның берген жауабы: «Мен көптен бері қастарындамын, сонда да Мені шынымен білген жоқсың ба . . . ?»¹

Әрине, Иса олардың қасында жеткілікті әрі ұзақ болған жоқ. Үш жыл әрине ұзақ мерзім емес, өйткені, Он екі Апостол кворумы қарапайым жаңадан Құдайға бұрылған және бұрынғы өмірлерін өзгерткен адамдардан, және де кейін өлімге тап болған адамдардан құралып оларға деген Інжілдің кереметтігін үйрету қысқа мерзімде оңай емес. Жаңадан қаланған ағаларға деген өте қиынға соғатын бір сынақ болып шықты.

Әсіресе өмірде жалғыз қалу бөлімі. Қайта қайта Иса оларға деген олардың жанында тәнімен ұзақ қалмайтынына итуға жиі тырысса да Апостолдар әлде Исаны түсіне алмады, немесе түсіну қиын болды. Марқаның жазғаны:

«Ол Өз шәкірттеріне тәлім беріп: «Көктен келген билеушіні адамдардың қолына ұстап береді. Олар оны өлтіреді. Бірақ содан кейінгі үшінші күні Ол қайта тіріледі» деді.

Бірақ, олар бұл сөздердің мағынасын ұғынбаса да, сұрақ қоюға батылдары бармады».²

Содан, білу үшін аз уақыттың ішінде, дайындық жасау үшін де қысқа мерзімде, сенер емес шындық болды. Олардың Иесі және Қожайыны, олардың ақылшысы және Патшасы айқышта өлтірілді. Оның жергілікті өмірі сонымен аяқталып, және қайта тірілгеніне Оның Апостолдары куәгер болғанымен оларға бұл тек түсінбестікті қосты. Әрине, Апостолдар толығымен түсіне алмай, «Ал енді не істейміз?» деп, олар үлкен Апостол Петірге бұрылып жауап күтті.

Ал осы жерде Киелі кітаптан тыс өзімнің аззатық пікірімді қоссам сізден кешірім сұраймын. Осыған орай Петір өзінің ниеттестеріне былай деді: «Бауырлар, керемет үш жыл өтті. Ешқайсысымыз үш ай ішінде бұрын керемет бұндай ғажайыптарды елестете алмап едік. Біз шынында да Құдай Ұлымен сөйлесіп, дұға қылып, және бірге қызмет атқарып шықтық. Біз Онымен бірге жүрдік және Онымен бірге жыладық, және сол қорқынышты түннің жәйтінде менен артық басымды түсіріп, ешкім жыламаған еді. Ал енді оның бәрі аяқталды. Ол өзінің жұмысын аяқтап көрден шықты. Ол өзінің, әрі біздің құтқарушымызға жол ашты. Ал сендер сұрайсыңдар, «Ал енді не істейміз?» менің сендерге деген бұрынғы өмірлеріне қайта куана оралудан басқа ештеңе білмеймін. Мен өзімнің ең жақсы білетін - «Мен балық аулауға бара жатырмын» деген іске ниеттенудемін. Онның алты апостолы болса да келісіп, былай деді: «Біз де барайық». Сол арада болған Жохан былай деп жазды, «Содан сыртқа шығып, қайыққа мінді».³

Алайда, бұл түні түк ұстаған жоқ. Олардың бірінші көлдегі түнінде ешқандай да балық ауланбады. Көңілдері түскен олар жағалауда бір адамның шақырып тұрғанын байқады, оларға ол: «Балалар, балықтарың бар ма? - деп, үн қатты.» Бұл Апостолдар жабырқаңқы балықшыға қарап, еш балықшы бергісі келмейтін жауапты берді. «Біз ештеңе ауламадық» деп мыңғырлап, олар «балалар»⁴ деп аталғаны үшін де, сәл ашулы болды.

«Торды қайықтың оң жағына салыңдар, сонда біразын ұстайсыңдар»⁵ деп кезбе адам тіл қатты. Сонда, олар бұл кезбе адамды тани бастады. Тек осыдан үш жыл бұрын осы апостолдар дәл осы теңізде балық аулаған еді. Сол үш жыл

бұрын да киелі кітап айтылғандай, олар «түнімен аулап ештеңе ұстамаған»⁶ еді. Бірақ сол жағалаудағы Галилеялық апостолдарға торларын таста деп еді, судан «балықты мольнан»⁷ шығарып, олардың торлары соншалықты балықпен ауырлағаны, кемелері суға бата бастады.

Қазіргі таңда бұл оқиға қайтып қайталана бастады. Мына «балалар,» деп дәл айтылғандай, торларын төмен түсіріп, және «балықтың көптігінен оны судан тартып шығара алмады». ⁸ Жақсы көретін Жохан анық айтты, «Бұл Иеміз ғой». ⁹ Кеменің үстінен қайтпас Петір де көйлегін бауып алып, суға секірді.

Қайта тірілген Исамен қуанышты кездесуден кейін, Петірдің Құтқарушымен өткен әңгімені менің ойымша Петір сияқты үлкен жетекшіге деген үлкен, өмір өзгерісіне әкелетін әңгіме болып шықты. Сыңған кемеге, жыртылған торларына, және көз сенбес жиналған 153 балыққа қарап, Иса өзінің үлкен Апостолына айтты, «Петір, мені мына заттардан да көп сүйесің ба?» Петір айтты «Иә,Ием; өзің білерсің сүйетінімді» ¹⁰

Құтқарушы сол жауапқа жауап беріп, бірақ шәкірттерінің көздеріне қарай бере тағы былай деді, «Петір, мені сүйесің ба?» Қайталанған сұраққа тағы түсінбей шатасып тұрған балықшы жауабын екінші рет берді, «Иә,Ием; өзің білерсің сүйетінімді». ¹¹

Құтқарушы тағы да қысқаша жауап беріп, бірақ қайталанып бітпейтіндей Ол тағы үшінші рет сұрақ қояды, «Петір, мені сүйесің бе?» Енді Петір болса өзін шынында да ыңғайсыз сезе бастады. Бәлкім, тек үш күн бұрын болған Исаның деген үш рет қойылған сұрақтары жүрегінің естелігінде бар болғаны, бірақ ол кезде Петір сол дәл жауапты кішкене жағымсыз түрде берген еді. Әлде бәлкім Петір Ұстазының сұрағын түсінбедім деп ойлана бастады ма екен. Әлде Петір жүрегінде, автоматты түрде берген жауабының шындығын іздеді ма. Қайтадан Иса одан үшінші рет сұраған кезде, Петір мұнайып, үшінші рет жауабын берді: «Иә, Ием, Сізді жақсы көретінімді білесіз ғой». ¹²

Сол жауапқа Иса жауабын, (ал енді осы жерде мен өзімнің киелі кітаптардан тыс талдауымды ұсынамын) бәлкім былай деп, берді: «Онда Петір, сен неге осы жердесің? Онда біз неге

тағы сол баяғы жағалауда, сол баяғы торлардың қасында сол баяғы әңгімедеміз? Сол кезде немесе қазіргі кезде, Менің егер де балықты қалағаным да балық таба алатыным анық болмап па еді? Маған керектігі ол шәкірттер - және маған олар мәңгілікке керек. Маған менің малдарыма тамақ беретін және қозыларымды құтқаратын адам керек. Маған Менің інжілімді уағыздайтын және Менің сенімімді құтқаратын адам керек. Маған Мені сүйетін, шынайы сүйетін, және Көктегі Әкеміздің ісін сүйетін адам керек. Біздің тапсырмамыз тарих құру емес. Бұл жұмыс не көмексіз не үмітсіз емес. Бұл Құдіретті Құдайдың жұмысы, және бұл жұмыс әлемді өзгерту болып табылады. Енді, екінші рет, шынайы соңғы рет, Петір, сенен сұрайтыным осының бәрін таста да барып оқыт және куәгер ет, олар сол маған істегенін саған істегенге дейін, адал қызмет ет».

Содан Апостолдарына бұрылып, Ол мүмкін былай деп айтқан шығар: «Сендер Фарисейлер, және жазбашылар секілді, Герод және Пилат секілді ойланбай қайратты болдыңдар ма? Сендер олар сияқты, бұл жұмыстың Мені өлтірген соң тоқтатылады деп, ойладыңдар ма? Сендер олар сияқты айқыш, шегелер, және бейіттің бәрі бәр істің соңы деп ойладыңдар ма, әлде осы оқиғадан кейін бәрі ойдағыдай өз қалпына келеді дедіндер ма? Балалар, менің өмірім және менің сүйіспеншілігім сендердің жүректеріңе бүкіл оқиғаларға қарағанда ықпал етпеді ма?

Менің сүйікті бауырларым мен әпкелерім, мен біздің сол Сот күні қандай сезімде, немесе не болатынын айта алмаймын, бірақ Құдай бізден Исаның Петірден не сұрағанын сұрамаса мен таң қалатын едім. Менің ойымша, Ол біздің жергілікті тұрақсыз және кей заттарға балалық көз қарасымызда, бізден *бір* өсиетті түсініп, алғашқы және ұлы өсиетті ұмытпағанымызды қалайды - «Құдай Иенді шын жүректен, бүкіл жан дүниенмен, барлық ақыл-ойыңмен сүй!»¹³ Егер сондай сәтте біз жаңылмай «Иә,Ием; өзің білерсің сүйетінімді» деп айтсақ, мүмкін Ол бізге сүйіспеншіліктің шынайы қасиеті адалдық екенін есімізге түсірер.

«Егер де мені сүйсендер, өсиетерді орындандар»¹⁴ деп, Иса айтқан. Бізде бата беретін көршілер, қорғайтын балалар,

аяқтарына көтеретін кедейлер, және қорғайтын ақиқатымыз бар. Бізде бұрысты дұрыс қылатын, бөлісетін ақиқат, жақсылық істейтін іс бар. Қысқалап айтқанда, бізде Құдайға берілген, шәкірттік өмір бар. Біз қазір тоқтап доғара алмаймыз. Құдай Ұлымен кездескеннен кейін біздің өмірімізде ештеңе де бұрынғыдай болмайды. Исаның Өлімі, Өтеуі, және қайта тірілуі Христиандық өмірдің аяғын емес, басын баяндайды. Осы нағыз ақиқат пен шындық, Апостол болу үшін, Галилеялық балықшылары торларын екінші рет «ешқандай синагогасыз, қылышсыз»¹⁵ тастап, қазір тұрып жатқан өмірдегі әлем тарихын құру үшін ықпал етті.

Мен шын жүрегіммен, шын ниетіммен менің дауысымды естіп тұрған адамдарға куәгерлігім осы болсын - бүкіл апостолдық кілттердің бәрі Иса Мәсіхтің Соңғы Замандағы Әулиелер Шіркеуінде табылған. Егер де, араларында кімде кім, Мәсіхтің ісіне орай бізге қосылмаған болсаңдар, біз сіздерге, «Өтінеміз істеңіз.» Егер де, кімде кім, бұрын бізбен болып, басқа өмірді таңдаған болсаңыз, мен айтарым, «Сіз көптеген ұзақ түндер және балықсыз торға тап болып жүргеніңіз». Біздің міндетіміз адал болып қалу, Құдайды сүю және қолғабыс беру. Оралған миссионерлерді де, су рәсімі өтетін жерде тұрып, «Иса Мәсіхтің берілген билігімен» айтқанын қоса кетемін.¹⁶ Сол берілген билік жаңадан Исаға келген адамды мәңгілікке өзгерткендей, сендерді де өзгерту керек. Шіркеудің миссияға өсіп келе жатқан және ғибадатхана мен некеге ұмтылғандарға біздің айтарымыз, «Құдайды сүйіп, сен». Осы заманның қаны мен күнәсінен таза болып қал. Президент Томас С. Монсонның кешегі таңғы отырыста айтқаны ғажайып сөзіне сәйкес, сендердің істейтін ұлы жұмыстарың бар. Көктегі Әкең сендерден адалдық пен сүйіспеншілікті күтеді.

Барлықтарыңа өзімнің дауысымен, және Мәсіхтен келген дауыспен әрқайсысымыздан уақыт барда сұрайтын сұрақ, «Мені сүйесің бе?» Әрқайсымыздың атынан, менің түпкі бүкіл жанымның күшімен айтатын жауабым, «Иә, Ием, біз Сізді жақсы көреміз». «Қолымызды соқаға қойып»¹⁷ біз жұмыс аяқталғанша, Құдайға және маңайындағыларға деген

сүйіспеншілік әлемді билегенге дейін біз артқа қарамаймыз.
Иса Мәсіхтің атынан, әмин.

Сілтемелер

1. Жохан 14:9.
2. Марқа 9:31–32.
3. Жохан 21:3.
4. Жохан 21:5қара.
5. Жохан 21:6.
6. Лұқа 5:5.
7. Лұқа 5:6.
8. Жохан 21:6.
9. Жохан 21:7.
10. Жохан 21:15.
11. Жохан 21:16.
12. Жохан 21:17.
13. Лұқа 10:27; Матайды да қара 22:37–38.
14. Жохан 14:15.
15. Фредерик В. Фаррар, *Исаның өмірі* (1994), 656; Жаңа құрылған Шіркеудің көптеген қиындықтары жазылған 62-ші тарауды қара.
16. Ілім мен Өсиеттер 20:73.
17. Лұқа 9:62.

Баталарды қарастырайық

Президент Томас С. Монсон

Көктегі Әкеміз біздің қажеттілігімізді жақсы біледі. Егер біз Оны көмекке шақырсақ, көмектеседі.

Құрметті бауырларым мен әпкелер, бұл 49 конференция мені 4 қазан айының 1963 жылы Он екілік Апостолдардың мүшесі ретінде қолдаған күннің белгісі. Қырық тоғыз жыл өте үлкен мерзім. Бірақ, ұзақ уақыт тым қысқа болып көрінеді. Мен осы Табернакл кафедрасында тұрып, ең алғашқы конференцияда сөз сөйлеген едім.

4 қазан 1963 жылдан бері көптеген өзгерістер болды. Біз әлем тарихындағы ғажайып кезеңде өмір сүреміз. Біз үлкен батаға ие болдық. Бірақ, кей кезде айналамыздағы ойландырмайтын еркіндіктің көптігінен қиындықтарды көруге қиындыққа соғады. Менің байқағаным, жағымсыз нәрселерге көңіл аударғанның орнына, кері бір қадам басып, біздің өмірде берілген баталарды және көзге ілінбей ұмытылып кеткен баталарды еске түсірсек, біз үлкен бақытқа ие боламыз.

Артта қалған 49 жылды қарастырып, мен бірнеше ашылымдарға келдім. Біріншіден, мен сансыз тәжірибе жинадым, оны әдеттегіден тысқарылық ретінде қарастыру міндетті емес. Шындап келгенде, олар сол кезде, қарапайым және есте қаларлықтай болып көрінбегені белгілі болды. Сонда да, өткен өміріме қарасам, олар жемісті болып менің соңғы уақыттағы жеке өмірім өз батасын алды. Мен сіздерге осы жаттығуды орындауды ұсынамын – нақты өз өмірлеріңізді

түгендеп, сіздердің өмірде алған аз мөлшерде не үлкен мөлшердегі арнайы баталарыңызды қарастырыңыздар.

Мен жылдар уақытын өзім шолып бекіте отырып, біздің мінажатымыз Құдайдың құлағына жетіп жауап алғанымызды білдім. Мормон кітабында жазылған 2 Нефийдегі ақиқат: «Сол қуанышта болған ер адамдар» бізге таныс.¹ Мен куәгер етемін, біздің өмірдегі көптеген қуаныш Көктегі Әкемізбен мінажат арқылы байланыс орната алғанымыздың арқасында дұғамыз қабылданып, жауап келгенін мойындауымыз керек. Әрине біздің күткеніміздей болмаса да, оларды *Ол естіп* бізге жауап беретініне ешқандай күмән болмауы керек. Әмбе Көктегі Әкеміз бізді жақсы біледі, сүйеді және бақыт тілеп, жауабын береді. Ол бізге: «Бойсұнындар, сонда Құдай сендерді жетектеп, мінажат етіп сұрағаныңа жауабын береді» деп, уәде еткен жоқ па еді?²

Маған берілген келесі бірнеше уақытта, менің өмірімде мінажат естіліп, болашақта менің және өзге адамдардың өміріне батасын әкелген тәжірибеммен бөліскім келеді. Жылдар бойы менің күнде толтырған күнделігім кейбір ерекшелікті қамтамасыз етуге көмектесті, мүмкін мен өзге түрде оны айталмаған шығармын.

1965 жылдың басында мен конференцияның бірінде және Тынық Мұхитының бүкіл оңтүстік бөлігіндегі аумағындағы өзге бірнеше жиналыстарда қатысуға шақырылған болатынмын. Бұл әлемнің бөлігіндегі менің бірінші қатысуым болған. Ол уақытты мен әрқашан есімде сақтаймын. Сол жиналыстарда мен жетекшілер, миссионерлер және шіркеу мүшелерімен кездескен кезде, табиғатта көптеген рухани өзгерістер пайда болды.

Біз Австралиядағы Брисбен қаласында болып, 20 -21 ақпан айының сенбі мен жексенбінің демалыс күндері Брисбен қазығында конференция отырысын жиі өткіздік. Сенбілік кездесу кезінде, мені көрші аумақтағы аудан президентімен таныстырды. Оның қолын ұстап амандасқан кезімде, онымен сөйлесіп кеңес беруім керек сияқты болып көрінген үлкен әсерге орандым. Сондықтан, соны істеу үшін, мен оған келесі күнгі таңғы жексенбілік отырысқа бірге баруды ұсындым.

Жексенбі күнгі қортынды отырыста біз бірге қатысуға мүмкіндік алдық. Біз оның аудан президент ретіндегі көптеген міндеттерін талқыладық. Сол уақытта менің оған миссионерлік жұмысқа қатысты және оның өзі мен шіркеу мүшелері толық күндергі миссионерлерге аудандағы олардың атқарар жұмысына қандай көмек беруге болатыны туралы нақты ұсыныстар жасауға әсер сезімі келді. Кейіннен, мен ол бауырымыз сол бағытта жетекшілік алу үшін, мінажат еткенін білдім. Оның айтуынша, біздің кездесу оның мінажаты естіліп, жауап келген ерекше куәгерлік болды. Бұл есте қаларлықтай кездесу сияқты емес еді, бірақ, ол рухтың жетекшілігімен аудан президентігін, жетекшілерді, шіркеу мүшелерінің өмірі мен миссионерлердің өмірін өзгеше қылып, табысқа әкелді.

Бауырларым мен әпкелер, біз рухтың жетекшілігіне жүгініп, біз Құдайдың мақсатын жиі орындаймыз. Меніңше, егер бізге келген шабыт пен әсерге сәйкес әрекет ететін болсақ, Құдай бізге Өз тапсырмасын сеніп тапсыратын болады.

Алдында ескертіп айтқанымдай, менің білгенім, ешқашан кейінге қалдырудың керегі жоқ. Бір күні мен Солт Лейк Сити қаласында қауызда айналып жүзіп жүрген кезімде, маған бір шабыт сезімі келіп, Университет ауруханасында жатқан жақсы досыма барып шығуым керек болды. Ол қатерлі ісікке отау жасаған соң аяғынан айырылған болатын. Сол жақсы адаммен кездесу үшін, мен тез қауыздан шығып, киініп соған қарай жүріп кеттім.

Оның бөлмесіне келген кезімде, бөлмесі бос тұрды. Сұрастырып, мен оны сол аурухананың маңайындағы жүзу қауызының қасындағы аймақтағы дене шынықтыру өткізетін орында табатынымды білдім. Сондай жағдай болды. Ол өзінің арбасын өзі жүргізіп, сол бөлмеде тұратын жалғыз адам болып шықты. Ол сол қауыздың қарама-қарсы жағының терең жерінен қашық емес соңында екен. Мен оны шақырып едім менімен кездесу үшін, ол арбасын асыға итеріп жүргізді. Біздің кездесуіміз жанға жайлы өтті. Содан соң, мен онымен бірге аурухананың бөлмесіне қайтып барып, сол жерде оған бата бердім.

Кейін мен досымнан, сол күні ол қатты мұңайып, өз өмірін аяқтағысы келгенін білдім. Ол мінажат етіп, көмек сұрады,

бірақ оның мінажаты жауапсыз кеткенін сезіне бастады. Ол қауызға бір оймен ғана, ол оның азабын тоқтатату үшін, қауыздың түбіне арбаның жетекшілігімен барды. Мен дәл сол қиын сәтте келдім. Жауап ретінде, мен білетін, ол сол жоғарыдан келген шабыт болған.

Менің досым көп жыл өмір сүруге мүмкіндігі болды – бақыт пен ризашылыққа толы жылдар бойы. Мен сол қауыздың қасындағы қиын күнде Құдайдың қолындағы құрал болғаныма қуаныштымын.

Келесі жолы біз Монсон әпкей екуіміз достарымыздан қайтып оралған кезде, бір кездері біздің өңірде тұрған Зелла Томас деген жесір қарт әйелге барып шығуымыз керек деген қатты шабыт келді. Ол қала тым қашық жерде болатын. Ол кезде, ол қарт үйіндегі тұрақты тұрғыны еді. Түс аса біз оны әлсіз, тыныш өз төсегінде жатқан күйінде таптық.

Зелланның көзі көрмей қалған, бірақ біздің дауысымызды тез таныды. Ол менен бата беруімді сұрады және Құдай мені үйге қайтарып алғысы келсе, мен өлуге дайынмын деді. Бөлмеде бір жақсы да, тыныш рух болды. Біз барлығымыз оған берілген өлім уақыты қысқа болатынын түсіндік. Зелла менің қолымды ұстап, менің оған келіп бата беруімді жан тәнімен мінажат етіп, сұрадым деді. Мен оған, Құдайдан шабыт алдым, сондықтан осында келдім деп, айттым. Мен оның маңдайынан сүйдім, оның өлімін мен көрмейтінімді біле тұра. Ол солай болды, өйткені ол келесі күні қайтыс болды. Біз біздің сүйікті Зеллаға кейбір жайлылық пен тыныштықты қамтамасыз еттік, бұл ол үшін де және мен үшін де, бата болды.

Мүмкін, біреудің өміріне бата әкелу жиі күтпеген жерден келеді. Бір суық сенбілік түні 1983–84 жылдың қысында, Монсон әпке екуіміз Юта штатындағы бірнеше шақырым жердегі Мидуэй таудың алқабына бардық, онда біздің үйіміз бар болатын. Ол түні ауа райы Фаренгейт бойынша минус 24 суық болатын, ал Цельсия бойынша минус 31 суық көрсеткіші болатын, сондықтан біздің үйіміздің жағдайын білгіміз келді. Біз үйді тексеріп, барлығы жақсы екеніне көзіміз жетіп, Солт Лейк Ситиге қайтып оралу үшін, көлікке отырып жүріп кеттік. Бірақ, бірнеше шақырым өтісімен көлігіміз тоқтап

қалды. Біз сол жерде отырып қалдық. Мен үшін, сол түні аса сирек кездесетін суық күн болды.

Көңілсіз біз жақын арадағы қалаға қарай жүрдік, көліктер біздің жанымыздан өтіп жатты. Бір кезде, бір көлік тоқтап, жас жігіт өз көмегін ұсынды. Соңында, біз біздің көліктегі дизелді жанармай суықтан қатып қалғанын түсіндік, сондықтан бізге көлікті оталдыруға мүмкіндік болмады. Жас жігіт бізді қайта біздің Мидуэйдегі үйге апарды. Мен оның көмегінің орнын ақша беріп толтырғым келген кезде, ол одан сыпайы бас тартты. Ол орман тыңшысы болғанын және жақсылық жасағысы келгенін айтты. Мен өзімді оған таныстырып, оның жасаған көмегіне ризашылығымды білдірдім. Ол миссионерлік жаста болғандықтан, мен одан миссияға бару жоспарың бар ма деп, сұрадым. Ол оған сенімді болмағанын, бірақ оны істегісі келгенін айтты.

Келесі дүйсенбі күннің таңында, сол жас жігітке хат жазып, оның жақсылығы үшін ризашылығымды білдірдім. Хатта мен оған миссияда қызмет етуді ұсындым. Мен ол хатқа өзімнің бір кітабымның көшірмесін салып, миссионерлік қызмет туралы тарауларды сызып қойдым.

Шамамен бір апта өтісімен, жас жігіттің анасы қоңырау шалып, оның баласы танымал адам, бірақ өмірдің бір әсерінен кейін оның миссияда қызмет еткісі келген бұрынғы қалауы сөніп қалды деп, хабарлады. Ол және оның әкесі бірге ауыз бекітіп, баласының жүрегі өзгерме деп, мінажат еткенін айтты. Олар Ютадағы Прово ғибадатханасында оның атын қағазға жазып, дұға қылуға берген. Олар қалай болса да, оның жүрегі жақсылыққа тиіп, ол миссияға өз еркімен Құдайға адал сеніммен қызмет ету қалауына оралар деп, үміттенді. Оның анасы сол суық кештегі оқиғаны олардың мінажат етіп, оның атына сұрағанына жауап ретінде қарайтынын маған айтып, ескерткісі келді. Мен оған, сізбен келісем деп, айттым.

Бірнеше ай бойы біз сол жас жігітпен хабарласып тұрдық. Нәтижесінде, Монсон әпкей екуіміз оның Канадағы Ванкувер Миссиясына кететін күні шығарып салуға барған кезімізде, қуанышымызда шек болмады.

Бұл сол желтоқсан айының қақаған қыстың күні біздің жолымыз жай ғана кездейсоқ оқиға болды ма? Мен оған

сенбеймін. Керісінше, біздің кездесуіміз оны жақсы көретін ата-анасының шын жүректен сыйынған мінажатына берілген жауап деп, ойлаймын.

Қайталаймын, бауырларым мен әпкелер, Көктегі Әкеміз біздің қажеттілігімізді жақсы біледі және біз Оны көмекке шақырсак, әрдайым көмектеседі. Мен сенемін, біздің уайымымыз кішкене немесе шамалы шығар. Бірақ, Құдай біздің өмірді ұсақ-түйегімен біледі.

Қортынды жасай отырып, мен жүздеген адамға әсер еткен жақын арада болған бір тәжірибеммен бөліскім келеді. Бес ай бұрын бұл Канзас Сити Ғибадатханасының мәдениет мейрамында болған жағдай. Біздің өмірде болған көптеген нәрселер сол кезде маған ол барлығы жұмыс істейтін тағы бір қарапайым тәжірибе күні болып көрінді. Әлбетте, мен сол ғибадатханаға арналған мейрамға байланысты кештің алдында жағдайды анықтаған кезде, мен бұл кештің орындалуы жай ғана болмағанын білдім. Керісінше, ол керемет болды.

Барлық мәдени ғибадатхананы арнау шараларын өткізгенге ұқсас, Миссури штатындағы ғибадатханадағы ауданда Канзас Ситидегі жастар театрланған қойылымды әр топ өз аймағында жаттығу өткізіп жатқан болатын. Жоспар бойынша, олардың барлығы жалға алынған муниципал орталығында таңғы сенбіде қойылымға кездесіп, кім қайда тұратынын, адамдардың ара қашықтарының мөлшері қанша болу керек және кім қашан кіріп, бірінші қабаттан кім шығады деген сияқты басқа ұсақ-түйектерді олар сол күні анықтап, әр түрлі қойылымның бірігуіне жауап беретін адамды да анықтап, білгісі келді. Сонда қортынды қойылым кәсіби шеберлікпен өтуі керек.

Сол күні бір ғана қиындық туындап тұрды. Барлық қойылым Джамботрон деген үлкен экранда көрсететін жазылған сегментке байланысты болды. Бұл жазылған сегменттер барлық қойылым үшін, маңызды шешім атқарады. Олар барлық қойылымдарды байланыстырып, келесі қойылымды жүргізеді. Негізін қалайтын бейне көріністен барлық қойылым тәуелді болды. Бірақ, Джамботрон бұзылып қалды.

Техниктер сол қиындықты шешу үшін, барлық күшін салып жұмыс істеді, ал жаттығуға келген жастардың уақыттары бекер кететін болды. Бұл жағдайға қараудың өзіне шыдамдылық керек.

Қойылымды қоятын режиссер Сюзан Купер кейінірек түсіндіріп: «Жоспар бойынша біз А дан В-ға жылжитынымызды және Z жұмыс істемейтінін біз білуіміз керектігін. . . . Кестеге қарап, ол біздің артымызда болатынын біз білдік, тағы біз төменгі қабатта 3,000 мықты жас сарбаздар бар екенін білдік. Біз төмен түсіп, оларға не болып жатқанын және өз сенімдеріне сенімді болуын айту керек болды».³

Бір сағат бұрын көрермендер келер алдында, 3,000 жастар бірігіп мінажат ету үшін, еденге тізе бүгіп отырды. Олар Джамботронды жасап жатқан адамдар оны жөндеу үшін, Көктегі Әкемізден шабыт алып, не істеу керектігін білу үшін және уақыттың аздығынан өздері істей алмағанды толықтыршы деп, сұрады.

Кейін бұл туралы репортаж жазған адам: «Бұл жастар ешқашан ұмытпайтын дұға болды, еден қатты болғандықтан емес, өйткені Рух олардың сүйектеріне дейін енді»⁴ деп, айтады.

Техниктің біреуі келіп, қиындықтың көзі анықталып, жөнделді деп айту үшін, келгенге дейін болған жағдай. Ол оның шешімі «сәтті» өтті деп, түсіндірді. Бірақ, жастардың барлығы оның сәттілігінің себебін жақсы білетін.

Сол кеште, біз муниципал орталығына келген кезімізде, бізге сол күннің қиындықтары болғаны сезілмеді. Тек кейіннен білдік. Сол кезде, біз ғажайып, кәсіби дайындалған қойылымның куәгері болдық. Бұл мен көргеннен ең кереметі болды. Жастардан бір жарқын, күшті рухани нұр төгіліп тұрды. Оны сол жерде болған адамдардың барлығы сезді. Олар қайда тұрып, қай жерден кіру керектігін және қойылымда қатысатын өзге адамдармен өз ара әрекетті қалай орнату керектігін білгендей болды. Олардың жаттығуы үзіліп, барлық топтардың көбі жаттығу жасай алмағанын білген кезімде, мен таң қалдым. Ешкім оны білмес еді. Расында, Құдай барлық кемшіліктердің орнын толтырды.

Құдай қалайша, Өз Патшалығын жағалай да, көлденең де уәждемей бағыттап, тағы бір адамға немесе бір мәдени мейрамға, бір Джамботронға шабыт беру үшін, уақыт табатынына мен әлі де, таң қалам. Бұл ақиқат, Ол бұны істей алатыныны, мен үшін куәгерлік.

Бауырларым мен әпкелер, Құдай біздің өмірімізді жақсы біледі. Ол бізді жақсы көреді. Бізге ол батасын бергісі келеді. Біз Оның көмегіне жүгінгенімізді қалайды. Ол бізді бағытқа салып, біздің мінажатымызды естіп, жауабын берген мезетте, біз осы жерде, Оның даяр еткен бақытын қазір табайық. Оның берген батасын қазір танып, білейік. Мен осыны қазір, осы уақытта Иса Мәсіхтің атына мінажат етем, аумин.

Сілтемелер

1. 2 Нефий 2:25.
2. Ілім мен Өсиеттер 112:10.
3. Сусан Купер, Маурин Прокторден, «Құдайға бұл қиын емес: Канзас Ситидегі Мәдениет мейрамы», *Меридиан журналы*, мамыр 9, 2012, ldsmag.com.
4. Проктор, *Меридиан журналы*, мамыр 9, 2012.